ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

06 мамыр 2024 жыл №7527-24-00-2/3965 іс Алматы қаласы

Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья А.М. Тұрғұнбаев,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібі арқылы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шымкент қаласының білім басқармасының «М. Жұмабаев атындағы №39 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізі құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
«Жақан» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Шымкент қаласының білім басқармасының «М. Жұмабаев атындағы №39 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізі құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорыны жауапкер «Жақан» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап арызы толық қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Жақан» жеке кәсіпкерінен мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану талабы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Жақан» жеке кәсіпкерінен талап қоюшы Шымкент қаласының білім басқармасының «М. Жұмабаев атындағы №39 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізі құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын пайдасына 1 705, (бір мың жеті жүз бес) теңге айыппұл және 52 (елу екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер «Жақан» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Алматы қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Алматы қалалық сотына, ҚР АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **А.М. Тұрғұнбаев**

Құжатқа қол қойылған: Тургунбаев А. М., 16.05.2024

Заңды күшіне енген күні: 25.06.2024, судья Тургунбаев А. М., 19.07.2024

«Төрелік» ақпараттық жүйесі - Сот өндірісі - Информационная система «Төрелік» - Судопроизводство -

7527-24-3-1/4435